

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

DEXP V244

Ұялы телефоны

Құрметті сатып алушы!

"DEXP" сауда маркасымен шығарылатын бұйымды таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз. Біз Сізге сапаға, атқарымдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес жасалған және өндірілген бұйымдарды ұсынуға қуаныштымыз. Телефонды пайдаланбас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ телефонды дұрыс пайдалану және оған күтім жасау туралы ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықтың сақталуын қамтамасыз етіңіз, телефонды одан әрі пайдалану кезінде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының тағайындалуы

Ұялы телефон қоңырауларды қабылдауға және жасауға, сондай-ақ ұялы байланыс арқылы мәтіндік хабарламаларды қабылдауға және жіберуге арналған.

Қауіпсіздік туралы ақпарат

Телефонды және барлық құрамдас бөлшектерді балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз. Телефонды құрғақ күйде сұйықтықтардан алыс ұстаңыз, себебі бұл қысқа тұйықталуға немесе электр тақталарының коррозиясына әкелуі мүмкін.

Телефонда шаң, кір, құм, тамақ немесе басқа да орынсыз материалдардың жиналуына жол бермеңіз.

Сұйық немесе аэрозольді тазартқыштарды қолданбаңыз. Қажет болған жағдайда, телефонның сыртын тазалау үшін шаңды сүртуге арналған шашақсыз жұмсақ, құрғақ шүберекті қолданыңыз.

Тазалағыш құралдарды қолданбаңыз (құрамында спирт бар, аэрозольдық, абразивті және т.б.).

Телефонды қоршаған ортаның тиісті жағдайларында қолданыңыз. Телефонды -10°C -тан төмен емес және 45°C -тан жоғары емес тым жоғары немесе тым төмен температураның әсеріне ұшыратпаңыз, себебі бұл телефонның батареясы мен пластикалық бөліктеріне зақым келтіруі, сондай-ақ электр тақташаларының қызмет ету мерзімін қысқартуы мүмкін.

Егер Сіз құрылғыны температурада және/немесе ылғалдылықта үлкен айырмашылығы бар, бір ортадан екінші ортаға тасымалдасаңыз, телефонның бетінде немесе ішінде конденсат пайда болуы мүмкін. Құрылғының бұзылуын болдырмас үшін, құрылғыны қолданар алдында ылғалдың булануына жол беріңіз.

Телефонды лақтырмаңыз, себебі бұдан ішкі электр сұлбасы немесе басқа жоғары дәлдіктегі құрамдас бөлшектер істен шығуы мүмкін.

Жол қозғалысы қауіпсіздігі

Автомобильді басқару кезінде ешбір жағдайда ұялы телефонды пайдаланушы болмаңыз. Қоңырау шалу үшін гарнитураны қолданыңыз.

Әуе кемесіндегі қауіпсіздік

Әуе кемесінің бортында болған кезде телефонды пайдаланбаңыз. Ұялы желі сигналдары навигация жүйесіне кедергі келтіруі мүмкін.

Қауіпті аймақтарда телефонды өшіру

Телефонды ықтимал жарылыс қауіпі бар атмосферада немесе жанғыш заттар бар жерлерде өшіріңіз (мысалы, жанармай құю станцияларында, отын қоймаларында, сондай-ақ химиялық зауыттарда).

Арнайы ережелерді сақтау

Ауруханаларда және басқа да қоғамдық орындарда телефонды пайдалану ережелерін сақтаңыз. Телефон медициналық жабдыққа (мысалы, есту аппараттарына) кедергі келтіруі мүмкін екеніне назар аударыңыз.

Қызмет көрсету

Ешқашан телефонды өз бетіңізбен бөлшектеуге немесе жөндеуге тырыспаңыз. Мұны арнайы рұқсаты бар адам орындауы керек. Бұл шарттың бұзылуы телефон өндірушісінің кепілдік міндеттемелерін жояды.

Басқа құрылғылармен жалғау

Телефонды қандай да бір құрылғыға жалғамас бұрын, нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Ешбір жағдайда телефонға қосуға арналмаған жабдықты жалғамаңыз.

Шұғыл қоңырау шалу

Шұғыл қоңырау шалу үшін телефон қосулы және қандай да бір оператор желісінің әрекет ету аймағында екеніне және қоңырау шалу функциясы белсенді екеніне көз жеткізіңіз. Шұғыл қоңырау шалу үшін әдеттегі телефон нөмірін тергендей,

112 жедел қоңырау шалу нөмірін теріп, қоңырау шалу батырмасын басыңыз. Төтенше жағдай қызметкеріне қайда екеніңізді және сізге не болғанын түсіндіріңіз.

Аккумулятор батареясымен (Li-pol/Li-ion) жұмыс бойынша ұсыныстар

Құрметті пайдаланушы, Сіз сатып алған құрылғы қуат көзі ретінде литий негізіндегі аккумуляторды пайдаланатынына назарыңызды аударамыз.

Тек қана түпнұсқа зарядтау құрылғысын қолданыңыз

1. Зарядтау алдында батареяны телефонға салыңыз.
2. Зарядтау құрылғысын телефонға жалғаңыз.
3. Зарядтау құрылғысының ашасын резеткеге қыстырыңыз.
4. Батарея деңгейінің индикаторы батарея толық зарядталғанға дейін жыпылықтайды.
5. Зарядтау кезінде батарея әдетте қызады, бұл қалыпты жағдай.

Назар аударыңыз: зарядтау құрылғысы тиісті ағытпада тұрғанына көз жеткізіңіз. Олай болмаған жағдайда телефон зарядталмайды. Желінің кернеу деңгейі мен қуаты зарядтау құрылғысының номиналды кернеуі мен қуатына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Егер батарея толығымен зарядын жоғалтқан болса, дисплейде зарядтау индикаторы пайда болмас бұрын біраз уақыт өтеді. Осыдан кейін Сіз телефонды пайдалана бастай аласыз.

Температура режимін сақтаңыз

АКБ +15 °С-тан +35 °С-қа дейінгі температурада зарядталған күйде сақталуы керек.

Батареяның оңтайлы жұмыс істеуі үшін келесі ережелерді сақтаңыз

- Батареяны тек телефонның жеткізілім жинақтамасынан пайдаланыңыз. Аккумулятор батареясын басқа типті (сәйкес келмейтін) батареямен ауыстыру, батареяны дұрыс орнатпау телефонның зақымдануына әкеп соғуы мүмкін.
- Батареяны алып шығармас бұрын телефонды өшіріңіз.
- Егер батарея жаңа болса немесе ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, зарядтау процесі әдеттегіден көбірек уақыт алуы мүмкін. Егер телефонды қосу үшін батарея кернеуі жеткіліксіз болса, батареяны ұзақтау зарядтаңыз. Егер батарея толығымен зарядын жоғалтқан болса, дисплейде зарядтау индикаторы пайда болмас бұрын біраз уақыт өтеді.
- Батареяны бөлме температурасында зарядтаңыз.
- Егер батарея жағымсыз иіс шығара бастаса немесе қызып кетсе, оны зарядтауды дереу тоқтатыңыз.


Құрылғы сұлбасы



1. Сөйлеу динамигі.
2. "OK" / Енгізу пернесі.
3. Сол жақ функционалдық пернесі.
4. Қоңырау қабылдау пернесі.
5. Оң жақ функционалдық пернесі.
6. Қоңырауды қайтару пернесі / қосу / өшіру пернесі.
7. FM-радионы іске қосу пернесі.
8. Камера қосымшасын іске қосу пернесі.
9. Шұғыл қоңырау шалу пернесі.
10. * пернесі / экранды бұғаттаудан шығару.
11. 0 / шамды қосу/өшіру пернесі.
12. # пернесі / профильдерді ауыстыру пернесі.
13. Телефонды жабу кезінде экранды қорғауға арналған жастықша.
14. Дыбысты реттеу батырмалары.
15. Камераның объективі.
16. Жарқыл/шам.
17. Динамик.
18. Құлаққапты қосуға арналған ағытпа (3,5 мм).
19. Зарядтау құрылғысын қосуға арналған ағытпа.

Жұмысты бастау

SIM-картаны орнату



SIM-картаны орнату үшін:


1. Қоңырауды қайтару/әрекетті аяқтау батырмасын бірнеше секунд ұстап тұрып телефонды өшіріңіз.
2. Телефонның артқы қақпағын ашыңыз.
3. Аккумулятор батареясын алып шығарыңыз.
4. SIM-картаның кесілген жиегі SIM-картаға арналған слоттың тиісті жағымен сәйкес келетіндей етіп тірелгенше салыңыз.
5. Батареяны орнына салыңыз.
6. Артқы қақпақты абайлап жабыңыз.

Назар аударыңыз! Бұл құрылғы 2 мини SIM-картаны қолдайды (суретті қараңыз). Сәйкес келмейтін SIM-карталарды пайдалану картаның немесе құрылғының өзін зақымдауы мүмкін, сонымен қатар картада сақталған ақпараттың зақымдануына әкеп соғуы мүмкін.

Жад картасын орнату

Жад картасы – бұл телефон ішіне орнатылатын ақпарат сақтау құрылғысы. Бұл құрылғымен тек үйлесімді **microSD** жад карталарын пайдаланыңыз. Басқа типтегі жад карталары **microSD** жад картасының ұяшығына сәйкес келмейді және бұл құрылғымен үйлесімді емес.

Жад картасын орнату үшін оны слотқа алтын түсті контактілерін төмен қаратып салыңыз. Жад картасын алып шығу үшін оны слоттан ақырын шығарыңыз.



Телефонды қосу/өшіру

Телефонды қосу үшін қоңырауды қайтару/әрекетті аяқтау батырмасын біраз уақыт ұстап тұрыңыз.

Экранда қуат қосылуының анимациясы пайда болады.

Телефонды бұғаттау құпиясөзін енгізіңіз (қажет болған жағдайда) және оны растау үшін ОК батырмасын басыңыз.

PIN-кодты енгізіңіз (қажет болған жағдайда) және оны растау үшін ОК батырмасын басыңыз. PIN-код Сіздің желі операторыңызбен ұсынылады.

Телефонды өшіру үшін қоңырауды қайтару/әрекетті аяқтау батырмасын бірнеше секунд басып тұрыңыз.

Бас мәзір

Хабарламалар

- Қабылданған хабарламалар **Кіріс** атты қалтада сақталады.
- Жіберілмеген хабарламалар **Шығыс** атты қалтада сақталады.
- Алдын ала сақталған, бірақ жіберілмеген хабарламалар **Жоба** қалтасында болады.

Теңшеулерде жіберілген хабарламаларды сақтау функциясы қосылған жағдайда жіберілген хабарламалар **Жіберілген** атты қалтада болады.

Жіберілген хабарламаларды сақтау функциясын қосу/өшіру **Мәзір >**

Хабарламалар > Опциялар >

Хабарламалар теңшеулері > Жіберілген

хабарламаларды сақтау тармағын таңдау жолымен жүзеге асырылады.

Шаблондар қалтасында мәтіндік хабарлама шаблондары сақталған. Сіз жауап беру үшін алдын ала жазылған шаблондарды қолдана аласыз немесе мәтіндік хабарламалардың өз нұсқаларын жасай аласыз.

Контактілер

Есімдер мен телефон нөмірлерін (контактілерді) телефон жадында және SIM-карта жадында сақтауға болады.

Телефон жадында сақталған контактілерде, бір контактіге екі нөмір тағайындауға және/немесе осы контактіні жатқызуға болатын топты таңдауға болады.

SIM-картаның жадында есімдерді бір телефон нөмірімен байланыстыру арқылы сақтауға болады.

Контактіні қосу

Есімдер мен телефон нөмірлері таңдалған жадта сақталады. Есім мен телефон нөмірін сақтау үшін **Мәзір > Контактілер > Опциялар > Жаңа** тармағын таңдаңыз.

Контактілерді жою

Телефон жадынан немесе SIM-картасынан барлық контактілерді жою үшін

Мәзір > Контактілер > Опциялар > Барлығын жою / Барлығын телефоннан жою/барлығын SIM1/SIM2-ден жою тармағын таңдаңыз.

Жылдам теру

Жылдам теру пернесіне телефон нөмірін тағайындау үшін

Мәзір > Контактілер > Опциялар > Қосымша > Жылдам теру тармағын таңдап, қажетті жылдам теру пернесін таңдаңыз.

Телефон теңшеулері

Қоңырау шалу теңшеулері

Мәзір > Теңшеулер > Қоңыраулар тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **SIM-карталарды теңшеу > Күту режимі** – бұл мәзірде Сіз қандай SIM-карта белсенді болатынын таңдай аласыз немесе телефонды барлық радио функциялары өшірілетін **Ұшақ режиміне** ауыстыра аласыз.
- **SIM-карталарды теңшеу > SIM1-ден жауап беру** – бұл функция іске қосылған кезде барлық шығыс қоңыраулар мен хабарламалар бірінші слотта орнатылған SIM-картадан жүзеге асырылатын болады (яғни, қай SIM-картадан шығыс қоңырауларды жасап, хабарлама жіберуді таңдау режимі өшіріледі).
- **Қақпақты ашу арқылы жауап беру** – бұл функция қосылған кезде телефон қақпағын ашу арқылы кіріс қоңырауларды қабылдауға болады.
- **Қоңырауларды қайтару** – әр түрлі жағдайларда кіріс қоңырауларды қайта адрестеу.
- **Қоңырауды күту** – екінші кіріс қоңырауды қабылдау мүмкіндігін беретін функцияны қосу/өшіру.
- **Қоңырауларды бұғаттау** – әр түрлі жағдайларда кіріс және шығыс қоңырауларды бұғаттау.
- **Қосымша > Қоңырау уақыты туралы еске салу** – ағымдағы қоңыраудың ұзақтығы жайлы қайта-қайта еске салады.

- **Қосымша > Нөмірді автоматты түрде қайталау** – нөмірге сәтсіз қоңырау шалған жағдайда телефон абонентпен қайта қосылуға бірнеше рет әрекет жасайды.
- **Қосымша > Қоңырауды қайтару, мәтіндік хабарламамен жауап беру** – кіріс қоңырау қабылданбаған жағдайда, қайтарылған нөмірге мәтіндік хабарлама жіберу ұсынылады.
- **Қосымша > Қоңырауды автоматты түрде жазу** – телефон қоңырауларын автоматты түрде жазуды қосу.
Назар аударыңыз: бұл функция жад картасы қосылған кезде ғана жұмыс істейді!

Телефон теңшеулері

Мәзір > Теңшеулер > Телефон тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **Уақыт пен күн** – уақытты, күнді, сондай-ақ уақыт пен күн форматын өзгерту.
- **Тіл** – мәзір тілі мен мәтіндік хабарламаларды енгізу тілін таңдау.
- **Жылдам қатынау пернелері** – навигация пернелері мен сол жақ функционалдық перненің функцияларын өзгерту.
- **Кесте бойынша қосу/өшіру** – телефон аппаратын автоматты түрде қосу және/немесе өшіру уақытын теңшеу.
- **Зауыттық теңшеулер** – пайдаланушының барлық теңшеулерін жою және әдепкі теңшеулерді қалпына келтіру.
Назар аударыңыз: пайдаланушы теңшеулерін қалпына келтіруге арналған құпиясөз – **1234**.

Экран теңшеулері

Мәзір > Теңшеулер > Экран тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **Суреттер** – негізгі экранның суреттерін теңшеу.
- **Негізгі экран** – уақыт пен күн туралы хабарландыруларды, қосылған SIM-карталар және негізгі экранда орналасқан басқа ақпаратты теңшеу.
- **Жарықтылық** – экранның жарықтылығын теңшеу.
- **Жарықтандыру** – экранның жұмыс уақыты мен пернетақта бұғатталғанға дейінгі уақытты теңшеу.
- **Пернелерді жарықтандыру** – пернелерді жарықтандыру уақытын теңшеу.

Қауіпсіздік теңшеулері

Мәзір > Теңшеулер > Қауіпсіздік тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **PIN-ды өзгерту** – SIM-картаның PIN-кодын өзгерту.
- **PIN2-ні өзгерту** – SIM-картаның PIN2-кодын өзгерту.
- **Экранды қосу батырмасымен бұғаттау** – телефонды қосу/өшіру пернесін қысқа уақыт басқан кезде экранды өшіру және пернетақтаны бұғаттау функциясын қосу;
- **Қара тізім** – нөмірлерді қара тізімге енгізу және қарау, сонымен қатар **Қара тізім** функциясы жұмысының теңшеулері.

Техникалық сипаттамалары

1. Моделі: V244.
2. Екі mini SIM-карта.
3. Қолдау көрсетілетін жиілік диапазоны: GSM 900/1800 МГц.
4. Негізгі экран өлшемі: 2.4", 320x240.
5. Қосымша экранның өлшемі: 1.44".
6. Камераның ажыратымдылығы: 0,3 Мп.
7. Телефон кітапшасы: 300 контакті.
8. Bluetooth, 2.1 нұсқасы.
9. MicroSD жад карталарын қолдау.
10. FM-радио.
11. SOS батырмасы.
12. Мәтіндік хабарламалар.
13. Аккумулятор батареясы: литий-ионды, 800 мА·сағ.

Сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату шарттары мен ережелері

- Құрылғы ешқандай монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Өндіруші мен тұтынушыда құрылғыны сақтау ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін және салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жылытылатын үй-жайларда қаптамада жүзеге асырылуы керек. Үй-жайларда коррозияны тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдар, сілтілер булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы керек.

- Құрылғы ұқыпты қарауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда уәкілетті қызмет көрсету орталығына дереу хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне қайта өңдеуге тапсырылуға тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, Сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан білуге болады.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Проминентэк Менеджмент Консалтанси
Лимитед
906 бөлме, А Тауэр, Хай-Тэк Плазаның 1-кезеңі,
Тян Ан Сайбер Парк, Футян қосалқы ауданы,
Футян ауданы, Шэньчжэнь қ., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии
в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан,
пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.
Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын
заңды тұлға:
«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ.,
Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың
"Электротехника және радиоэлектроника
бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу
туралы" 037/2016 ЕАЭО ТР техникалық
регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі, оның сипаттамалары мен
жинақталуы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз
өзгертілуі мүмкін.
Құрылғының іс жүзіндегі интерфейсі осы
нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexp.club

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс
тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

v.1

Кепілдік талоны

Моделі: _____

SN/IMEI: _____

Құны: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші осы өнім үшін 1 жылға кепілдік мерзімін белгілейді және өнімде материалдар, құрастыру ақауларының болмауын қамтамасыз етеді, кепілдік мерзімі ішінде үздіксіз жұмыс істеуге кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызметі өнім пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес қолданылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз ақаулы жабдықтың қызмет көрсету орталықтарының аумағында ақысыз жөндеуін немесе ауыстыруын қамтиды.

Жеке, кәсіби емес пайдалануға арналған өнімнің қызмет ету мерзімі пайдалану ережелері сақталған жағдайда 2 жылды құрайды.

Өндіруші жиынтықтық аккумулятор батареясы мен зарядтау құрылғысына 6 ай кепілдік мерзімін және 1 жыл пайдалану мерзімін белгілейді.

Басқа да жиынтықтық аксессуарларға кепілдік мерзімі – 3 ай, пайдалану мерзімі – 6 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі келесі мекенжайы бойынша:

<http://www.dns-shop.ru/technical-support/>



www.dexp.club